21182867127

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 15 мамыр № 5165-24-00-2/989 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Ш. Мырзахметов оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Келес ауданы әкімдігінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Көне» Шынар Сакенқызы Сейдазимбек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде тану
2. Мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық сомасын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот,**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Келес ауданы әкімдігінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Көне» Шынар Сакенқызы Сейдазимбек мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Көне» Шынар Сакенқызы Сейдазимбектен мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық сомасы 49 370 (қырық тоғыз мың үш жүз жетпіс) теңге, 5 (бес) тиын және мемлекеттік баж 3 327 (үш мың үш жүз жиырма жеті) теңге, 10 (он) тиын өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 15.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 22.06.2024, судья Мырзахметов К. Ш., 25.06.2024
5165-24-3-1/982

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья **К.Ш. Мырзахметов**

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 15.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.06.2024, судья Мырзахметов К. Ш., 25.06.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство